Сөзіммен халқым амал қылсын десең, амал қыл өз сөзіңмен әуел өзің!
*Мәшһүр Жүсіп*

# Баянтау газеті

Газет 1931 жылғы 4 қыркүйектен шыға бастады

№8 (11524) 26 ақпан, 2026 жыл

РЕФЕРЕНДУМ-2026

# ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

**Баянауыл ауданында республикалық референдумға байланысты ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін» жалпыұлттық коалициясының ақпараттық-ағартушылық тобы елді мекендерді аралап, тұрғындармен жүздесіп, алдағы саяси науқанның мәні мен маңызын кеңінен түсіндіруде. Коалиция мүшелері Құндыкөл, Мәшһүр Жүсіп, Қарашоқы, Ақсан, Жалғызқайың, Жаңатілек, Торайғыр, Ұзынбұлақ, Қ.Сәтбаев ауылдары мен Майқайың кентінде болып, ауыл тұрғындарымен, шаруа қожалықтары басшыларымен, еңбек ұжымдарымен және жастармен кездесті. Кездесулер ашық диалог форматында өтіп, азаматтардың ұсыныс-пікірлері тыңдалды.**

Құндыкөл ауылында өткен кездесуге аудандық штаб коалициясының төрағасы Руслан Мұқашев пен оның орынбасары Қуаныш Шалбаев қатысып, референдумның ел дамуына ықпалы мен стратегиялық маңызын жан-жақты баяндады. Ауыл ақсақалы Кәкен Жақыпов жүздесу барысында ел бірлігі мен тұрақтылығы туралы сөз қозғап, ақ батасын берді. Құндыкөл ауылдық округінде шаруа қожалықтары басшыларымен өткен жиында аграрлық сала өкілдерін толғандырған мәселелер қозғалып, өзара сенім мен ашық диалогқа негізделген пікір алмасу болды.

Жаңажол ауылдық округіне қарасты Мәшһүр Жүсіп ауылында өткен кездесуге облыстық коалициясы тобының жетекшісі Асылбек Туғанбайұлы, Парламент Мәжілісінің депутаты Амантай Жарқынбек, сондай-ақ коалиция мүшелері қатысты. Тұрғындармен еркін форматта пікір алмасу ұйымдастырылып, қойылған сауалдарға нақты жауап берілді. Қарашоқы ауылында да осындай мазмұнды кездесу өтті.

Ақсан ауылында өткен жиында зейнеткер ұстаз Қуаныш Көкішевпен бейресми әңгіме өрбіп, қоғамдық келісім мен азаматтық белсенділіктің маңызы талқыланды. Ал Жаңатілек ауылында Парламент Мәжілісінің депутаты Ислам Сұнқар қатысқан кездесуде ұсынылып отырған өзгерістер кеңінен түсіндірілді. 2025 жылы салынған дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде жастармен арнайы кездесу ұйымдастырылып, олардың пікірлері тыңдалды.

Майқайың кентіндегі «Майқайыңалтын» АҚ ұжымымен өткен кездесуде де түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Еңбек ұжымдары саяси науқанға белсенділік танытып, ел болашағына қатысты бастамаларға қолдау білдірді.



Торайғыр ауылында С.Торайғыров атындағы мұражай және кітапхана қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылып, түсіндірме жұмысы жүргізілді. Сондай-ақ «Есіктен есікке» акциясы аясында тұрғындарға жеке түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, сонымен қатар арнайы стендтерге ақпараттық материалдар орналастырылуда. Ақпараттық-ағартушылық жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

**М.ҚАЙРАТ**






## «РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУ ҚҰҚЫҒЫ БАР АЗАМАТТАР ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗІЛУІН ТЕКСЕРУ ТУРАЛЫ»

**2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру күніне 18 жасқа толған Қазақстан Республикасы азаматының қатысуға құқығы бар.**

**Тізімдерді әкімдіктер нақты дауыс беру учаскесінің аумағындағы тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша сіздің тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Егер тұрақты тіркелуіңіз болмаса, сіз референдум тағайындалған сәттен бастап, тиісті жергілікті атқарушы органда дауыс беруші ретінде тіркеле аласыз. Дауыс беру учаскелері тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады және олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.**

**2026 жылғы 27 ақпаннан бастап сізге өз учаскеңізде республикалық референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінен өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.**

**Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!**

**Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы**

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ
Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
Важен голос каждого из нас!

ӨНЕР

# «ЖАС МУЗЫКАНТ» БАЙҚАУЫНАН ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

**Ағымдағы жылдың 18-19 ақпан күндері Павлодар қаласында 59-шы «Жас музыкант» фестиваль-байқауы өтті. Жас өнерпаздардың шеберлігін шыңдап, өнерге деген сүйіспеншілігін айқындаған айтулы мәдени шараға облыстың әр өңірінен дарынды балалар қатысты. Аталған байқауда Баянауыл балалар өнер мектебі де лайықты өнер көрсетіп, жүлделі орындармен оралды.**




Фортепиано бөлімінің 3-сынып оқушысы Айару Маненова жоғары деңгейдегі орындаушылық шеберлігімен ерекшеленіп, байқау қорытындысы бойынша III орын иеленді. Жас пианистің сахнадағы сенімділігі мен музыкалық шығарманы терең сезініп орындауы қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды. Айарудың өнер жолындағы жетістігі жетекшісі Қамажай Ермекованың тынымсыз еңбегінің нәтижесі. Сонымен қатар мектебіміздің хоры да байқауда тамаша өнер көрсетіп, II орынға ие болды. Хор ұжымы сахна мәдениетімен, үйлесімді орындауымен және көркемдік деңгейімен ерекшеленді. Ұжым жетекшісі Райхангүл Жүсіпбекованың кәсіби шеберлігі мен шығармашылық ізденісі бұл жетістіктің берік негізі екені сөзсіз.

Бұл жеңістер – аудан өнерпаздарының тынымсыз еңбегі мен шығармашылық табысының айқын көрінісі. Өнер – ұлттың рухани байлығы. Осындай байқаулар жас дарындардың қанатын қатайтып, болашақта үлкен сахналарға жол ашады.

**Замира Макарова,**
**Жаяу Мұса атындағы Баянауыл балалар өнер мектебінің оқу ісі меңгерушісі**



БАЙҚАУ



# ЖЕРЛЕСІМІЗ – ЖЕҢІМПАЗ!

**Сәтбаев ауылының тумасы Әділет Серікбай халықаралық деңгейдегі әскери-ғылыми байқауда жеңімпаз атанды. Әділет 2020 жылы мектепті тәмамдаған соң Алматы қаласындағы Құрлық әскерлерінің әскери институтына оқуға түсіп, әскери білім жолын таңдады. Ал 2021 жылы білімін одан әрі шыңдау мақсатында Ресей Федерациясының Благовещенск қаласындағы Қиыр Шығыс гвардиялық жоғары жалпыәскери командалық училищесіне қабылданып, «Теңіз жаяу әскер бөлімшелерін басқару» мамандығы бойынша оқуын жалғастырды.**

2024 жылы ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жоғары әскери оқу орындарының тыңдаушылары мен курсанттары арасында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған VII Халықаралық әскери-ғылыми жұмыстар конкурсы ұйымдастырылды. Аталған байқауға Ресей, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Армения, Әзербайжан және Молдова елдерінің әскери жоғары оқу орындарының курсанттары қатысты.

Әділет ғылыми жұмыс тақырыбы ретінде «Қазақ халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске қосқан үлесі» мәселесін таңдады. Тарихи деректерге сүйене отырып жазылған мазмұнды зерттеу жұмысы 11 ай бойы сараптамадан өтті. Нәтижесінде 700-ден астам ғылыми жұмыс арасынан үздік деп танылып, жеңімпаз атанды. Жас офицердің еңбегі жоғары бағаланып, Ресей Федерациясы Қорғаныс министрінің грамотасымен марапатталды.

**М.ҚАЙРАТ**

# ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ – ӘР ОҚУШЫНЫҢ БОРЫШЫ

Таза Қазақстан
Жалпыұлттық экологиялық акция

**Қазақстандағы экологиялық мәдениетті күшейтуге, елдімекендердің тазалығын жақсартуға және табиғатты қорғауға бағытталған ұлттық бастама — «Таза Қазақстан» бағдарламасының 28-тармағын жүзеге асыру аясында экологиялық ағарту бағыты бойынша мектебімізде сынып сағаттары мен жоспарлы іс-шаралар өткізілді.**




«Таза табиғат» жобасы шеңберінде оқушылар пластикалық бөтелке қақпақтарын жинап қана қоймай, оларды қайта өңдеудің маңызын насихаттай отырып, шығармашылық жұмыстар ұсынды. Жобаның басты мақсаты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау мен қайта өңдеу мәдениетін қалыптастыру, қалдықтарға екінші өмір сыйлау арқылы қоршаған ортаны қорғауға үлес қосу. Оқушылар қақпақтардан түрлі бейнелер мен композициялар жасап, табиғатты қорғау идеясын шығармашылық тұрғыда жеткізді. Бұл олардың экологиялық сауаттылығы мен белсенді азаматтық ұстанымын айқын көрсетті. Сонымен қатар Қаражар ЖНББМ-де «Жас Ұлан» ұйымының «Жақсылық жаса» жобасы аясында экологиялық бағыттағы игі бастама ұйымдастырылды. Жобаға мектеп оқушылары ерекше ынтамен қатысты. Пластикалық бөтелке қақпақтарын мектеп бойынша алғаш болып тапсырған 5-сынып оқушысы Әшірхан Әлімов мен 4-сынып оқушысы Ақнұр Әлімова екі 5 литрлік шөлмекті қақпаққа толтырып өткізді. Ал мектепалды сыныбының тәрбиеленушісі Ахмади Ермекұлы жалғыз өзі 5 литрлік үш бөтелкені қақпақтармен толтырып, белсенділігімен көпшілікке үлгі болды. Мұндай бастамалардың тәрбиелік маңызы зор. Олар балаларға кішкентай әрекеттен үлкен өзгеріс басталатынын көрсетеді. Табиғатқа қамқор болу күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігі болуы тиіс. Осындай жобалар жастар бойында жауапкершілік, жанашырлық және еңбексүйгіштік қасиеттерін қалыптастырады.

Ендеше, жерімізді қоқыстан тазартайық, табиғатты бірлесіп қорғайық!

**Айша Жидебай,**
**Қаражар ЖНББМ-нің «Жас Ұлан» ұйымы «Экология және еңбек» фракциясы**

ҚОРШАҒАН ОРТА



# КӨЛДЕРДЕ ҚЫСҚЫ АЭРАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛДІ

Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағындағы ірі су айдындарында қысқы кезеңге байланысты жоспарлы аэрациялық жұмыстар жүргізілді. Оған ғылыми қызметкерлер мен мемлекеттік инспекторлар қатысты. Негізгі мақсат – көлдердегі балық қорының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және су экожүйесінің тұрақтылығын сақтау. Мамандардың айтуынша, аэрация – су құрамындағы оттегі мөлшерін арттыруға бағытталған маңызды экологиялық шара. Қыста қалың мұз қабаты мен қар жамылғысы суға ауа өтуін шектейді. Соның салдарынан оттегі жетіспеушілігі туындап, балықтардың қырылу қаупі артады. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін көлдерде арнайы ойықтар жасалып, су аэрациясы қамтамасыз етілді. Жұмыс барысында көл бетіндегі мұз қалыңдығы да өлшенді. Нәтижесінде, Сабындыкөл көлінде – 71 см, Жасыбай көлінде – 67 см, Торайғыр көлінде – 65 см, Біржанкөл көлінде – 70 см мұз қатқаны анықталды.

Мамандардың мәліметінше, мұз жамылғысының жағдайы тұрақты бақылауда. Жалпы алғанда, атқарылған жұмыстар су айдындарындағы биологиялық тепе-теңдікті сақтауға, балық ресурстарын қорғауға және қыс мезгілінде туындауы мүмкін төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталған. Табиғатты қорғау бағытындағы мұндай шаралар алдағы уақытта да жалғасады.

**Өз тілшімізден**

«БІРЫҢҒАЙ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ КҮНІ»

# ТАНЫМДЫҚ КЕЗДЕСУ



**«Бірыңғай өрт қауіпсіздігі күні» акциясы аясында Майқайыңдағы № 2 мектебінің оқушылары және Баянауыл орталығындағы балабақша тәрбиеленушілері үшін ТЖБ № 21 өрт сөндіру бекеті базасында танымдық экскурсия ұйымдастырылды. Шараның басты мақсаты – жас ұрпаққа өрт қауіпсіздігі талаптарын түсіндіру, төтенше жағдайлардың алдын алу мәдениетін қалыптастыру және өрт сөндіруші мамандығының маңызын насихаттау.**

Экскурсия барысында оқушылар өрт сөндірушілердің күн сайын теориялық және практикалық сабақтарына қатысу арқылы кәсіби шеберліктерін шыңдайтынын білді. Бекет қызметкерлері өрт сөндіруші мамандығының жауапкершілігі жоғары, батылдық пен шапшаңдықты талап ететінін атап өтті. Олар қызмет барысында кездесетін қиындықтар мен қауіп-қатерлер туралы айтып, нақты мысалдар келтірді. Оқушылар өрт сөндіру кезінде қолданылатын арнайы техникамен және құрал-жабдықтармен танысты. Өрт сөндіру автокөліктері, су айдау құрылғылары, тыныс алу аппараттары мен басқа да өрт-техникалық жабдықтар көрнекі түрде көрсетілді. Сондай-ақ өрт сөндірушінің жауынгерлік киімі таныстырылып, оның әрбір бөлшегінің маңызы түсіндірілді.

Іс-шара барысында мамандар өрт туындаған жағдайда және табиғи әрі техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде сақталуы тиіс қауіпсіздік ережелерін кеңінен түсіндірді. 101 және 112 жедел қызмет нөмірлеріне хабарласу тәртібі, төтенше жағдай кезінде дұрыс әрекет ету жолдары туралы маңызды ақпарат берілді. Өрт сөндірушілер балабақшаға арнайы барып, балаларға өрт сөндіру көлігін көрсетті. Мамандар өртке қарсы құрал-жабдықтардың қалай қолданылатынын қарапайым тілмен түсіндіріп, қауіпсіздік ережелерін үйретті. Балалар арнайы киімдер мен құралдарды қызығушылықпен тамашалап, көкейлеріндегі сұрақтарын қойды.

Танымдық кездесулердің барлығы балалар үшін қызықты әрі пайдалы өтті. Мұндай іс-шаралар жас буынның қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға, төтенше жағдайлардың алдын алуға және батыл мамандық иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелейді.

**Гүлден ТАХАН**

1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

# АДАМ ЖАНЫНЫҢ АРАШАШЫСЫ



***Медицина — бұл тек құрғақ диагноз бен ем-домның жиынтығы емес, бұл — үлкен жауапкершіліктен, төзімділіктен және адамға деген шексіз сүйіспеншіліктен тұратын өнер. Бүгінде Баянауыл өңірінің денсаулық сақтау саласында білімі мен біліктілігі ұштасқан нағыз мамандар еңбек етуде. Олардың қатарында Шоманкөл ауылының тұрғындары ерекше құрметпен атайтын дәрігер Мұратбек Зарыққанұлы, тәжірибелі маман Зәуре Дандан және Күркелі ауылдық округінің бас медбикесі Зәуреш Игілікқызы бар.***

Мұратбек Зарыққанұлы – өз ісінің нағыз майталманы. Оның біліктілігі тек заманауи медициналық әдістерді меңгеруінде ғана емес, сонымен қатар әрбір науқастың психологиясын дәл тануда көрініс табады. Ол кез келген күрделі жағдайда сабыр сақтап, ең дұрыс шешімді қабылдай білетін, диагностика жасауда қателеспейтін қырағы маман. Науқасқа жылы шырай танытып, оның шағымын мұқият тыңдау арқылы адам жанына сөзбен де шипа дарытады. Оның кабинетіне кірген жан тек дәрі-дәрмекке емес, ертеңгі күнге деген үлкен сенімге ие болып шығады. Шоманкөлдіктер Мұратбек Зарыққанұлын қиын сәтте жол табатын, медицинаның соңғы жаңалықтарын өз тәжірибесінде шебер қолданатын жоғары санатты дәрігер ретінде таниды.

Сол сияқты Зәуре Дандан да – Баянауыл медицинасының мақтанышы. Оның көпжылдық тәжірибесі мен терең білімі сансыз адамның дертіне дауа болды. Зәуре ханымның кәсібилігі оның ұтымды шешім қабылдау қабілетінің жоғарылығынан көрінеді. Ол жауапкершілікпен жұмыс істеп, науқастың толық сауығып кетуіне дейін бақылауда ұстайтын тиянақты маман. Оның біліктілігі мен мейірімділігі қатар өріліп, аймақтағы емдеу ісінің сапасын арттыруға зор үлес қосып келеді.

Ал Күркелі ауылдық округінің бас медбикесі Зәуреш Игілікқызының еңбегі бір төбе. Медицинадағы орта буын мамандарының жұмысын ұйымдастыру, санитарлық талаптардың сақталуын қадағалау және емшаралардың мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету үлкен шеберлікті қажет етеді. Зәуреш Игілікқызы – тек басқарушы ғана емес, өз ісінің нағыз практикалық маманы. Оның қолының жеңілдігі, шұғыл жағдайларда алғашқы көмекті сауатты көрсете білуі және ұжымдағы тәртіпті жоғары деңгейде ұстауы оның біліктілігінің айқын дәлелі. Бас медбике ретінде ол медициналық қызметтің сапалы әрі қолжетімді болуына бар күш-жігерін жұмсап келеді.

Осынау үш маман – Баянауыл топырағындағы денсаулық күзетінде тұрған нағыз алтын діңгектер. Шоманкөл ауылының тұрғындары атынан Мұратбек Зарыққанұлына, Зәуре Данданға және Зәуреш Игілікқызына шынайы ризашылығымызды білдіреміз. Олардың әрбір атқарған ісі, әрбір жазылған науқастың алғысы – олардың кәсібилігіне берілген ең жоғары баға. Ақ халатты абзал жандардың отбасыларына амандық, дендеріне саулық, еңбектеріне толайым жеміс тілейміз. Сіздердің мейірімді жүректеріңіз бен шипалы қолдарыңыз талай жанға қуаныш сыйлай берсін!

*Ақ халатты абзал жандар!*
*Өмір мәнін биікке асырғандар.*
*Науқастарға ем беріп, әр сәт сайын*
*Теңіздей басұрғандар.*
*Ең құрметті мамандар деп сыйлаймыз біз.*

***Ерекше ізгі ілтипатпен,***
***Кенжетай Аймульдинова,***
***Баян Семеева,***
***Қабаш Үрпеков,***
***Шоманкөл ауылы***

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ
Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

«БІРЛІК» КЕҢШАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА – 65 ЖЫЛ

# АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ТҰҢҒЫШ ТӨРАҒАСЫ

**Сынаптай сырғып жатқан уақыт басымыздан кешкен небір оқиғаларды, өмір сүрлеуінде кездескен талай адамдардың есімдерін електен өткізгендей екшелеп, ірілерін ғана қалдырып, ұсақ-түйектерін жадымыздан өшіріп тастайтыны ақиқат. Тіпті ұзақ жылдар бойы елеусіз еңбек етіп, өмірден өткен жандардың өзі ұмытыла бастайтыны шындық. Тек нар тұлғалы, елім, жерім деп жүретін өзі де сөзі де кесек азаматтар арада қанша уақыт өтсе де ұмытылмай жүрек түкпірінен орын алады екен. Осындай іс-әрекетімен, жеке басының өнегесімен ұмытылмай жадымызда сақталып қалған азаматтардың бірі – Кенже Берденғоров.**



Кенже Берденғоров 1929 жылы Баянауылдың қасиетті топырағында дүниеге келген. 12 жасқа толар-толмас шағында басталған соғыс жылдарында Кенже аға замандас-тарымен бірге Майқайың жерасты шахтасында қара жұмыс істеген. Жерді қолмен қазу, тау жыныстарын қоларбамен сыртқа шығару сияқты ауыр жұмыстарды атқарған жеткін-шек еңбекпен шынығып, ер жетті. Соғыстан кейінгі жылдары Кенже аға Жосалы руднигінде еңбек етті. 1955 жылдары әскер қатарына шақырылып, екі жыл азаматтық борышын өтеп еліне оралды. Тың игеру жылдары Кенже аға «Бірлік» кеңшарына қоныс аударып, жүргізушілік кәсіпті қолына алды. Озат жүргізуші атанып, суреті ауылдың Құрмет тақтасынан түспеді. «Бірлік» кеңшарында жолдастық соттың төрағасы, партия комитетінің алқа мүшесі ретінде қоғамдық жұ-мыстарға белсене атсалысты. Ұзақ жылдар бойы жүргізуші болып адал еңбек еткен Кенже Берденғоров зейнеткерліке шыққа да қол қусырып қарап отырмады. 1974 жылға дейін «Бірлік» кеңшарында тоғыз кластық, кейін он кластық аралас орта мектеп болды. Тың игеру жылдарыеліміздің түкпір-түкпірінен ағылған өзге ұлт өкілдері демографиялық өсімге де әсерін тигізіп, жылдан-жылға оқу-шылар саны көбейді. Бала саны көбейген сайын мектеп үйі тарлық ете бастады. Мектептің жылу қазандығы апатты жағдайда тұрды. Кенже аға жастар мәселесіне алаңдап, ауылда жаңа мектеп салу туралы бастаманы алғашқылардың бірі болып көтерді. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысының алдына дейін барған Кенже ағаның бастамасы қолдауға ие болып, 1974-1976 жылдары үш қабатты жаңа типтік мектеп үйі қысқа мерзім ішінде құрылысы аяқталып, жұршылық үлкен қуанышқа бөленді.

Кенже Берденғоров ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы ретінде айтарлықтай жұмыстарды басын қайырды. Атап айтқанда, шағын клуб үйі де тарлық ете бастаған еді. 1972-1976 жылдары ауыл жастары клубта алғашқы вокалды-аспаптық ансамбль құрды. Клубта хор, көркемөнерпаздар, би үйірмелері жұмыс істеді. Ауыл жастарының өнерге деген ықыласы ерекше болатын. Кенже аға жастардың өтініштерін тыңдай отырып, ауылға замануи үлгіде жаңа мәдениет үйі қажет екендігін сол кездегі директор Алпысбес Әділхановтың алдына мәселе етіп көтерді. Алпысбес Әділханұлы орынды талап-тілекке құлақ аса отырып, қаражаттың көзін тауып, 1985 жылдары мәдениет үйінің құрылысы қолға алынды. 1985 жылдары мәдениет үйі ашылды. 1990 жылдардан кейін басталған жекешелендіру науқаны, кеңшардың берекесін қашырып жіберді. КСРО-ның ыдырауы елдің күйзеліcіне алып келді. Қолда бар кеңшар техникасы, мал-мүлкі талан-таражға ұшырады. Кітапхана ғимараты жабылды. Дүкен сөрелері босап, есіктеріне қара құлып салынды. Мұғалімдер, дәрігерлер айлап, жылдап жалақыларын ала алмады. Осындай көңіл құлазытар көріністерге Кенже аға жүрегі ауырып куә болды, бастан кешті. Ауыл тұрғындары қала жағалап қоныс аудара батағанда Кенже аға ауылдың жағдайын ойлады. Ауыл ішінде мешіт ашсам, жастарды имандылыққа тәрбиелесем деген ниетін балаларына білдіріп ақылдасты. Сөйтіп иесіз қалған кітапхана ғимаратын меншігіне алған көлігі-не айырбастады. Ғимараттың іші-сыртына жөндеу жұмыстарын жүргізіп, халықты жинап, мешіттің ашылу рәсімін өткізді. Бұл 1999 жыл болатын. Асан Кенжеұлы мешіттің имамы болып тағайындалды. Асан Алматыдағы діни университетті оқып, ауылына келген еді. Ауыл мешітінде діни дәріс алған сегіз бала облыс орталығындағы діни пансионатқа оқуға қабылданды. Олар – Ерболат Қалықов, Нұржан Берденғоров, Қалихан Уәлихан, Арман Шоманов, тағы басқалары. Кейін Ерболат Қалықов Арабия еліне сапар шегіп, діни университетте білім алса, Асан Кенжеұлы Мекке-Мәдинеге сапар шегіп, қажылық парызын өтеп қайтты. Асан «қажы» атанып Египеттегі Нұр-Мұбәрак діни университетінде білімін жетілдірді. Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арнап ескерткіш тақта ашу керектігін ойластырған Кенже ағаның тікелей бастамасымен мәдениет үйінің жанын да үлкен ескерткіш тас орнатылды. 2000 жылдары ауыл жастары Аллаберген Қожанов, Мансұр Базаров, Қаныш Жанкин, Сартай Оспанбеков, тағы басқаларының көмегімен ардагер-лерге арналған ескерткіш тақта Ұлы Жеңістің 55 жылдық мерейтойы қарсаңында ашылды. Міне, осындай іргелі істердің басы-қасында шыр-пыр болып жүретін Кенже аға ауылдың болашағын ойлады. Жастарға сауапты жұмысымызды көрсетіп, оларды ел ертеңін ой-лайтын көшелі азамат болса екен деп армандаушы еді. Кейін 2003 жылдары ауыл ортасында күмбезі менмұндалап тұратын еңселі мешіт үйі ауыл жастарының ұйымдастырып жүргізуі бойынша бой көтерді.

Ауыл жылдан жылға көркейе бастады. Тәуелсіздік салтанат құрып, етек-жеңімізді жинай бастаған уақытта сонау зобалаң жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған құрбандар да ұмытылмады. Кенже аға ардагер-лердің басын қосып ақылдаса отырып, репресиия құрбандарына арнап ескерткіш тақта ашу керек-тігін басты мәселе етіп көтерді. Ардагер ағалар Әйтім Күйеубаев, Нұртай Рақпанов, Егінтай Әділшин, Қаржау Қайырбаев, Қалда Әйтімов, Райыс Құлқашев, тағы басқалары бұл бастаманы қызу қолдап, ауыл шетіндегі құрбандар жерленген елеусіз зиратты қоршатып, ескерткіш тас орнатты. Күні бүгінге дейін 31 мамыр күні мектеп оқушылары, жастар, ауыл қариялары құрбандар зиратының басында жиналып, Құран оқып, рухтарына тағзым етеді.

Уақыт өте келе Кенже аға ден-саулығына байланысты ардагер-лер кеңесінің төрағалығынан бо-сап орнына ізбасар інісі Қаржау Қайырбаевты ұсынды. Кенже ағаның ұл-қыздары есейіп, енді өмірдің рахатын көрем деп жүргенде жұбайы Алдан бақилық болды. Ұзаққа созылған ауыр науқастан жұбайын арашалап қала алмаған Кенже аға тоғыз бала мен қалды. Жұбайының қазасына қабырғасы қайыса жүріп, Кенже аға тағдыр тепершін бастан кешті. Уақыт өте келе дәм жазып, көршілес Торайғыр ауылында тұ-ратын Рымкеш апаймен бас қосты. Рымкеш апайдың бес баласы мен өзінің тоғыз баласын бір үйдің баласындай етіп тәлім-тәрбие берген Кенже аға ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырды. Әрісі кеңейіп, немерелерінің қызығына кенелетін кезінде Кенже аға да өмірден озды. Рымкеш апамыз да бақилық болып кете барды.

Ауылдың ардагерлер кеңесінің тұңғыш төрағасы ретінде есімі ұмытылмайтын абзал аға Кенже Берденғорұлының ел арасындағы үлгі тұтар қадір-қасиеті, тағылымды өмірі кейінгі ұрпақтарға өнеге боларлық. Азаматтың өмірлік ұс-танымының, бүкіл болмысының елге үлгі боларлық имани тазалығы мен адалдығы өз ұрпақтарының тәр-биесінде де айқын көрініс тапты. Бірлік ауылдық ардагерлер кеңесін 20 жыл бойы басқарған Кенже Берденғоров сынды ел ағаларының азды-көпті еңбегі жайлы айта оты-рып, әле-өлгенше қазақы қалпын, кісілік келбетін кір шалмағанына әрдайым тәнтіміз.

**Бағзад Нұртайқызы,**
**жергілікті тілші**

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ЗЕКЕБАЙ СОЛТАНБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 95 ЖЫЛ



***«Павлодар облысының мемлекеттік архиві» Баянауыл филиалының биылғы жұмыс жоспарына Зекебай Солтанбайұлы Солтанбаевтың туғанына 95 жыл толуына орай Баянауыл ауданының білім бөліміне, ауданның жалпы білім беру мектептеріне ақпараттық хаттар дайындалып, жеке тектік қор құжаттары бойынша мектеп сабағы, көрме өткізу жұмыстары енгізілді.***

# АҚБЕТТАУДЫҢ АБЫЗЫ



2008 жылдың қазан айында архив қызметкері Г. Шакирова Егіндібұлақ ауылына Зекебай Солтанбайұлының үйіне барып, жеке кездесу өткізіп, сұхбаттасу кезінде ол кісі өзінің бір шама жеке тектік құжаттарын архивке мемлекеттік сақтауға берген болатын. Құжаттарға жазба жұмыстары жүргізіліп, Баянауыл филиалында З.Солтанбаевтың құжаттары бойынша № 86 қор ашылған. Бұл қорда ғұмырнамалық құжаттары, қоғамдық жұмыстарды атқарғаны туралы құжаттар, баспасөз беттерінде З.Солтанбаев туралы жарияланған және өзі жариялаған мақалалар мен деректі жазба кітаптар, комсомол, партия, құрылтай конференцияларына делегат болып сайланған құжаттары, марапаттаулар туралы деректері бар. Сонымен бірге өлең жинақтары, әр түрлі іс шаралар мен мерейтойларда түсірілген бейнеқұжаттары мен фотоқұжаттары арнайы дискілерде жазылып, сақтаулы. Құжаттары бойынша 2008 жылы ғұмырнамалық-археографиялық деректері жазылды. Жазылған деректерді назарларыңызға ұсынуды жөн көрдім.

Зекебай Солтанбайұлы 1931 жылғы 15 наурызда Павлодар облысы Баянауыл ауданы № 2 ауылының «Бас шілік» деген жерінде дүниеге келген.

Соғыс жылдары балалық шағын ойынмен емес үздіксіз тіршілік жасап, анасына көмек жасаумен өткізген. Соғыс аяқталысымен оқу жолына түсіп, алдымен Баянауыл қазақ орта мектебін, кейін 1949 жылы Қарағанды қаласы Ленин ауданы Молотов атындағы № 2 орта мектебін толық аяқтайды. 1948 жылдан бастап аудандық «Ленин туы» газетінде мақалалары, өлеңдері жарияланып, «рабселькор» ретінде редакция аманатын орындап, ауыл өмірі, еңбекші халық пен аудан жетістіктері туралы мақалалар жазумен айналысты. 1949 жылы Молотов атындағы Қарағанды Қазақ мемлекеттік оқытушылар институтының қазақ тілі мен әдебиет факультетіне оқуға қабылданып, 1951 жылы аталған институттың толық курсын аяқтап, ұстаздық жолын бастайды. Еңбек жолын Омбы облысы Есілкөл ауданы «Қасқат» жетіжылдық мектебінде бастап, кейін өзі туып өскен елге, Баянауылға оралады. 1954-1957 жылдары Семей қаласындағы Н.Крупская атындағы педагогикалық институтында сырттай оқып, білім алады. 1955-1959 жылдары Баянауыл ауданының Егіндібұлақ ауылындағы жетіжылдық мектебінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі қызметтерін атқарады. 1958 жылдың сәуір айынан бастап Совет Одағының Коммунистік партиясының қатарына өтіп,ауданда партия жұмыстарын атқаруға атсалысқан. 1960-1994 жылдар аралығында, яғни 34 жыл бойы он бір жылдық мектеп болып қалыптасқан Егіндібұлақ мектебінің директоры қызметін беделді атқарып, құрметті зейнеткерлік демалысқа шығады.

З.Солтанбаев мектептегі оқушылардың оқу-тәрбие жұмыстарымен айналыса жүріп, Баянауыл аудандық партия комитетінің тапсыруымен үгіт-насихат, мәдени-әлеуметтік жұмыстарды қатар атқарды. Директорлық қызмет атқарған жылдарда Егіндібұлақ қазақ орта мектебі Павлодар облысындағы оқу-тәрбие жұмысында көрнекті тірек мектептердің бірі болып танылды. Егіндібұлақ мектебі облыс көлемінде бірінші болып оқу тәрбиесінде халық педагогикасының үлгілі дәстүрлерін енгізуді қолға алған мектеп болды. Мектепте «Өнер» мұражайы ашылды. З.Солтанбаев басқарған ұжым шәкірттерді оқыту және тәрбиелеу ісінде халық педагогикасының үлгілі дәстүрлерін тиімді пайдаланатынын нақты іспен көрсетіп, өнеге аларлық мектеп болып саналды. 1963 жылдың 5 наурызында № 15 Егіндібұлақ сайлау округінен, 1967 жылдың 12 наурызында № 21 Речной сайлау округінен, 1969 жылдың 16 наурызында, 1977 жылдың 19 маусымында № 16 Ұзынбұлақ сайлау округінен Баянауыл ауданының еңбекшілер депутаттарының Алексеевка селолық Советіне бірнеше рет депутат болып сайланған. 1979 жылдың 15 мамырында Баянауыл аудандық халық сотының халық заседателі болып сайланды. 1983-1984 жылдары Халық депутаттары Алексеевка селолық Советінің депутаты болып сайланды. КСРО Жоғары Кеңесінің атынан халық депутаттары Павлодар облыстық Кеңесі президумының қаулысына сәйкес 1990 жылдың 7 желтоқсанында «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 наурыздағы Жарлығы бойынша «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысы Жеңісінің елу жылдығы», 2004 жылғы 14 қыркүйектегі №1439 Жарлығы бойынша «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталды. Баянауыл аудандық Мәслихатының ІІ сайланған ХІ сессиясының шешімімен 2001 жылдың 4 маусымында ІІ сайланған аудандық Мәслихаттың VIII сессиясының шешімін негізге ала отырып, ардагер ұстаз Солтанбаев Зекебай Солтанбайұлына «Ауданның Құрметті азаматы» атағы берілді.

Өмір бойы ауылда тұрып, өзінің сүйікті кәсібі жас ұрпақ тәрбиесімен ғана айналысып келген. Осы мамандығын құрмет көріп, «Республикамызға еңбек сіңірген ұстаз» атанған замандасымыз, баянауылдық автор Зекебай Солтанбайұлы көп жылдан бері аудан, облыс, республика ақпарат құралдары айдынында көрінген өлең-жырларымен көпшілікке танымал. З.С.Солтанбаевтың шығармашылық жолы зейнеткерлікке шыққаннан кейін кеңінен өріс алды. Мақалалары аудандық, облыс және республикалық басылымдарда жиі жарияланып жүрді. Ол Баянауыл ауданының 1826 жылы станица болып құрылған кезінен бастап, бүгінгі кескін келбетін бейнелейтін «Баянаула» кітабының жарыққа шығуына атсалысып, авторлар тобында жан-жақты жұмыстар атқарды. Кітапқа алғашқы пікірін жазған автор болды.

Зекебай Солтанбайұлы қазақ поэзиясын, туған халқының тарихы мен этнографиясын өте жетік білген ғұлама ақын, шежіреші, философ Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы туралы «Жыр жиназ», «Мәшһүр», «Жүсіп», «Көпеев», «Ғұлама» атты дастандар мен өлеңдер жинағын және эпикалық туындылар жазып, олар жарыққа жарияланып, көпшілік оқырман қауымының назарына ұсынылды.

Ол кісі туралы тың мәліметтер аудан өмірі туралы жазылған «Баянаула» кітабына, «Дәуір» баспасынан жарық көрген «Қазақ жерінің зиялы азаматтары» атты ғұмырнамалық жинақтар сериясының 15-ші кітабына деректі жазба ретінде енгізіліп, естеліктер жазылды.

Зайыбы Нағима Айдаркеқызымен бірге жанұясында он екі перзент өсіріп, немерелер мен шөберелер көріп, олардың жоғары білім алуларына бағыт беріп, тәрбиелеп өсіріп, құтты орындарына қондырған парасатты жан болды. Жалпы айтқанда, Зекебай Солтанбайұлы Солтанбаев қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары білімді мұғалімі, Қазақстан Республикасы және КСРО-ның халыққа білім беру саласының үздігі, Ыбырай Алтынсарин атындағы медальдің иегері, ақын, сазгер, «Баянауыл ауданының Құрметті азаматы», 43 жыл ұстаздық қызмет атқарған, жас жеткіншек ұрпақты дұрыс жолға бағдарлаған ұстамы жақсы ұстаз болып танылды.

Мақаламыз арқылы 2 наурыздан бастап Баянауыл филиалында З.Солтанбаевтың құжаттары бойынша көрме өткізілетінін хабарлаймын. Дайындалған көрмені, бейнеқұжаттар мен фотоқұжаттарды тамашалауға шақырамыз.

**Гүлнәрім Егінтайқызы,**
**Павлодар облысының мемлекеттік архиві Баянауыл филиалының басшысы**

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ
Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
Важен голос каждого из нас!

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Майкаинзолото» АҚ хабарлайды, 2026 жылғы 3 сәуірінде сағат 11:00-де Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Майқайың кенті, Астана көшесі, 52 (Әкімдік ғимараты) мекенжайы бойынша 2026-2035 жылдарға арналған Майқайың «В» кен орнында құрамында алтыны бар кендерді өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспары бойынша қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін дайындалған материалдар бойынша (рұқсат етілген шығарындылардың нормативтері жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары) ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады.

Жобалық құжаттамалар пакетімен ndbecology.gov.kz НБД ҚОС және ПР сайтында, сондай-ақ «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған ортаны қорғау және су ресурстары басқармасы» ММ-нің сайтында танысуға болады: https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/. Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесі арқылы және келесі мекенжай бойынша қабылданады: Павлодар қ., Жеңіс алаңы, 5Б, тел.: 8 (7182) 32-16-81, e-mail: unosvr@mail.ru. Сондай-ақ жобалар бойынша қосымша ақпаратты және Zoom конференциясына қосылу сілтемесін eciir_01@mail.ru электрондық поштасы арқылы немесе +7 775 970 17 94 нөмірі бойынша алуға болады. Жоба тапсырыс беруші: «Майкайнзолото» АҚ, БСН: 980340002574, Бас директор – Набиев Д.Б., мекенжайы: Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Майкайын кенті, Ә. Әбдіқалықов көшесі, 13 г ғимарат. Тел: 8 (71840) 21550, электрондық пошта: info@maikainzoloto.kz. Жоба әзірлеуші: «Экологиялық орталық инновациялар және реинжиниринг» ЖШС (Бас директор Хусайнов М.М., БСН: 130740012440, e-mail: eciir_01@mail.ru, тел.: +7 775 970 17 94). Мекенжайы: Жамбыл облысы, Тараз қ., Қ. Қойгелді көшесі, №55. Әсер ету аумағы: Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Майқайың кенті. Әсер ету аймағының географиялық координаттары: 51°45'87.11"с.е. және 75°79'63.22"ш.б. Нысан аумағының географиялық координаттары: 51°27'55.3" с.е. және 75°49'12.0" ш.б. Қоғамдық тыңдауларды онлайн форматта өткізу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 226 828 3948, Кіру коды: 123456, https://us06web.zoom.us/j/2268283948?pwd=ZDZWUEtTSGZnQkQ0bytVWTAxVzBmdz09&omn=81686152744.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «Майкаинзолото» сообщает, что 3 апреля 2026 года в 11:00 часов по адресу: Павлодарская область, Баянаульский район, п. Майкайн, ул. Астана 52 (здание Акимата) будут проводиться общественные слушания в форме открытого собрания по Материалам для получения экологического разрешения на воздействие (проекты: Нормативы допустимых выбросов, Программа управления отходами, Программа производственного экологического контроля, План мероприятий по охране окружающей среды) для Плана горных работ по добыче золотосодержащих руд на месторождении Майкаин «В» на 2026-2035 г.г..

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz, и на сайте ГУ «Управление недропользования, окружающей среды и водных ресурсов Павлодарской области» https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/. Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на информационной системе ndbecology.gov.kz и по адресу: г. Павлодар, Площадь Победы, 5Б, тел: 8 (7182) 32-16-81, e_mail: unosvr@mail.ru, также дополнительную информацию по проектам и ссылку на подключение к конференции Zoom можно получить по электронной почте e_mail:eciir_01@mail.ru или по номеру +7 775 970 17 94. Заказчик проекта: АО «Майкаинзолото», БИН: 980340002574, Генеральный директор Д.Б. Набиев , адрес: РК, Павлодарская область, Баянаульский район, п. Майкаин, ул. А.Абдыкалыкова, строение 13 д. Тел: 8 (71840) 21550, e_mail: info@maikainzoloto.kz. Разработчик проекта ТОО «Экологический центр инновации и реинжиниринга» (Генеральный директор Хусайнов М.М., БИН: 130740012440, e_mail: eciir_01@mail.ru или тел: +7 775 970 17 94 адрес: Жамбылская область, г. Тараз, ул. К. Койгелды, № 55. Территория воздействия: Павлодарская область, Баянаульский район, пос. Майкаин. Географические координаты территории воздействия: 51°45'87.11"С.Ш. и 75°79'63.22"В.Д. Географические координаты территории объекта: 51°27'55.3" С.Ш. и 75°49'12.0" В.Д Ссылка для проведения слушаний в онлайн формате: Идентификатор конференции: 226 828 3948, Код доступа: 123456, https://us06web.zoom.us/j/2268283948?pwd=ZDZWUEtTSGZnQkQ0bytVWTAxVzBmdz09&omn=81686152744.

**ПРОДАМ!!!**

**Постельный комплект от фирмы "ЛИОРА", оригинал, гипоалергенный, не скатывается, не линяет, качество шикарное. Размер полуторка – цена 5000 тенге, двухспальная – 6000 тенге. Контактный телефон: 87711343287**



## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Майкаинзолото» АҚ хабарлайды, 2026 жылғы 3 сәуірінде сағат 15:30-де Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Майқайың кенті, Астана көшесі, 52 (Әкімдік ғимараты) мекенжайы бойынша Павлодар облысындағы Ушколь Южный кен орнын барлау жоспары (карбонатты жыныстар) бойынша қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін дайындалған материалдар бойынша (рұқсат етілген шығарындылардың нормативтері жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қоршаған ортаны қорғау бөлімі, Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары) ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады.

Жобалық құжаттамалар пакетімен ndbecology.gov.kz НБД ҚОС және ПР сайтында, сондай-ақ «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған ортаны қорғау және су ресурстары басқармасы» ММ-нің сайтында танысуға болады: https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/. Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесі арқылы және келесі мекенжай бойынша қабылданады: Павлодар қ., Жеңіс алаңы, 5Б, тел.: 8 (7182) 32-16-81, e-mail: unosvr@mail.ru. Сондай-ақ жобалар бойынша қосымша ақпаратты және Zoom конференциясына қосылу сілтемесін eciir_01@mail.ru электрондық поштасы арқылы немесе +7 775 970 17 94 нөмірі бойынша алуға болады. Жоба тапсырыс беруші: «Майкайнзолото» АҚ, БСН: 980340002574, Бас директор – Набиев Д.Б., мекенжайы: Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Майкайын кенті, Ә. Әбдіқалықов көшесі, 13 г ғимарат. Тел: 8 (71840) 21550, электрондық пошта: info@maikainzoloto.kz. Жоба әзірлеуші: «Экологиялық орталық инновациялар және реинжиниринг» ЖШС (Бас директор Хусайнов М.М., БСН: 130740012440, e-mail: eciir_01@mail.ru, тел.: +7 775 970 17 94). Мекенжайы: Жамбыл облысы, Тараз қ., Қ. Қойгелді көшесі, №55. Әсер ету аумағы: Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Майқайың кенті. Әсер ету аймағының географиялық координаттары: 51°45'87.11"с.е. және 75°79'63.22"ш.б. Нысан аумағының географиялық координаттары: 51°29'08.6"с.е. және 75°56'43.4"ш.б. Қоғамдық тыңдауларды онлайн форматта өткізу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 226 828 3948, Кіру коды: 123456, https://us06web.zoom.us/j/2268283948?pwd=ZDZWUEtTSGZnQkQ0bytVWTAxVzBmdz09&omn=81970941312.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «Майкаинзолото» сообщает, что 3 апреля 2026 года в 15:30 часов по адресу: Павлодарская область, Баянаульский район, п. Майкайн, ул. Астана 52 (здание Акимата) будут проводиться общественные слушания в форме открытого собрания по Материалам для получения экологического разрешения на воздействие (проекты: Нормативы допустимых выбросов, Программа управления отходами, Программа производственного экологического контроля, Раздел охрана окружающей среды, План мероприятий по охране окружающей среды) для Плана разведки месторождения Ушколь Южный в Павлодарской области (карбонатные породы).

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz, и на сайте ГУ «Управление недропользования, окружающей среды и водных ресурсов Павлодарской области» https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/. Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на информационной системе ndbecology.gov.kz и по адресу: г. Павлодар, Площадь Победы, 5Б, тел: 8 (7182) 32-16-81, e_mail: unosvr@mail.ru, также дополнительную информацию по проектам и ссылку на подключение к конференции Zoom можно получить по электронной почте e_mail:eciir_01@mail.ru или по номеру +7 775 970 17 94. Заказчик проекта: АО «Майкаинзолото», БИН: 980340002574, Генеральный директор Д.Б. Набиев , адрес: РК, Павлодарская область, Баянаульский район, п. Майкаин, ул. А.Абдыкалыкова, строение 13 д. Тел: 8 (71840) 21550, e_mail: info@maikainzoloto.kz. Разработчик проекта ТОО «Экологический центр инновации и реинжиниринга» (Генеральный директор Хусайнов М.М., БИН: 130740012440, e_mail: eciir_01@mail.ru или тел: +7 775 970 17 94 адрес: Жамбылская область, г. Тараз, ул. К. Койгелды, № 55. Территория воздействия: Павлодарская область, Баянаульский район, пос. Майкаин. Географические координаты территории воздействия: 51°45'87.11"С.Ш. и 75°79'63.22"В.Д. Географические координаты территории объекта: 51°29'08.6"С.Ш. и 75°56'43.4"В.Д Ссылка для проведения слушаний в онлайн формате: Идентификатор конференции: 226 828 3948, Код доступа: 123456, https://us06web.zoom.us/j/2268283948?pwd=ZDZWUEtTSGZnQkQ0bytVWTAxVzBmdz09&omn=81970941312.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Нотариус нотариального округа Павлодарской области Оразбаев А.Ж., лицензия № 24020441 от 06.06.2024 года, сообщает об открытии наследства, оставшегося после смерти Дюсембаевой Багиры Сагитовны, умершей 03.09.2025 года. Тел. нотариуса: 87713132882

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Система-Плюс 2011» ЖШС Павлодар облысы ашық тәсілмен Сувенир кен орнының құрамында алтыны бар техногендік минералдық түзілімдердің (ТМО) қалған қорларын тау-кен жұмыстарының жоспарына («ҚОҚ» бөлімі, ҚОӘБ, ӨТБ, ҚОБ, ҚБЖ жобалары) әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Біржанкөл және Қызылшілік ауылдарында жабдықталған ғимараттың және тұрақты интернет желісінің болмауына байланысты қоғамдық тыңдаулар Торайғыр ауылының аумағында офлайн форматта өткізіледі. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін Біржанкөл және Қызылшілік ауылдарының тұрғындарына көлік қамтамасыз етіледі. Біржанкөл ауылында жиналу орны – ауылдық клуб, 2026 жылғы 06 сәуірде сағат 14:00-де. Қызылшілік ауылында жиналу орны – Орта ауыл көшесі, 21 (асхана), 2026 жылғы 06 сәуірде сағат 14:30-да.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 06 сәуірде сағат 15:00-де Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Торайғыр а.о., Торайғыр а. (Торайғыров) мәдениет үйі мекенжайында өтеді.

Сондай-ақ қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасында онлайн режимінде өткізіледі.

Қатысу үшін келесі сілтемеге көшуді сұраймыз:

https://us06web.zoom.us/j/87209066189?pwd=xgEbQo0ESWyGKdaoacH29biZM8QS5W.1

Конференция идентификаторы: 872 0906 6189

Кіру коды: 380857

Тапсырыс беруші: «Система-Плюс 2011» ЖШС, БСН 110140012910, Қазақстан Республикасы, Астана, Қонаев көшесі, 14 үй, 297 кеңсе, email: toosistemaplyus2011@mail.ru.

Жобасын әзірлеуші: «Эко-Даму» ЖШС ол өз қызметін Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге арналған 19.05.2011 ж. №0042914 мемлекеттік лицензияға сәйкес жүзеге асырады, ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Астана қ. берген. БСН 100940015182, Көкшетау қ., Әуелбеков к-сі, № 139А үй. Жоба туралы қосымша ақпарат алуға болатын электрондық пошта мекенжайы және телефон нөмірі: ecodamu@mail.ru; 8 (705) 103 11 88.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен https://ndbecology.gov.kz сайтта танысуға болады, сондай-ақ ММ ресми интернет-ресурсында - hhttps://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/about?lang=kk

Ескертулер мен ұсыныстарды «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ қабылдайды, мекенжайы: Павлодар қ., Жеңіс алаңы 5Б, email: unosvr@mail.ru, тел.8 (7182) 32-16-81.

## ОБЬЯВЛЕНИЕ

ТОО «Система-Плюс 2011» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания для получения экологического разрешения на воздействие (Раздел "ООС", проект НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ) к плану горных работ разработки (доработки) оставшихся запасов золотосодержащих руд техногенных минеральных образований (ТМО) месторождения Сувенир открытым способом в Павлодарской области.

В связи с отсутствием в селе Биржанколь и в селе Кызылшилик оборудованных помещений и стабильного доступа к сети Интернет общественные слушания проводятся в очном формате на территории села Торайгыр. Жителям села Биржанколь и села Кызылшилик будет предоставлен транспорт для участия в общественных слушаниях. Место сбора в селе Биржанколь – сельский клуб, в 14:00 часов, 06 апреля 2026 год. Место сбора в селе Кызылшилик – ул. Орта ауыл 21 (столовая), в 14:30 часов, 06 апреля 2026 год.

Общественные слушания состоятся 06 апреля 2026 года в 15:00 ч. По адресу: Павлодарская область, Баянаульский район, Торайгыровский с.о., с. Торайгыр (Торайгырова), дом культуры.

Так же общественные слушания будут проведены в режиме онлайн на платформе Zoom.

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке:

https://us06web.zoom.us/j/87209066189?pwd=xgEbQo0ESWyGKdaoacH29biZM8QS5W.1

Идентификатор конференции: 872 0906 6189

Код доступа: 380857

Заказчик: ТОО «Система-Плюс 2011», БИН 110140012910, Республика Казахстан, Астана, Кунаева, дом 14, офис 297, email: toosistemaplyus2011@mail.ru.

Разработчик проекта: ТОО «Эко-Даму», которая осуществляет свою деятельность в соответствии с Государственной лицензией на выполнение работ и оказание услуг в области охраны окружающей среды за №0042914 от 19.05.2011 г., выданная Министерством охраны окружающей среды РК, г. Астана. БИН 100940015182, г. Кокшетау, ул. Ауельбекова, дом № 139а. Адрес электронной почты и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию о проекте: ecodamu@mail.ru; 8 (705) 103-11-88.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте https://ndbecology.gov.kz, а также на официальном-интернет ресурсе МИО - https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/?lang=ru.

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление недропользования, окружающей среды и водных ресурсов Павлодарской области», по адресу: г. Павлодар, Площадь Победы 5Б, email: unosvr@mail.ru , тел. 8 (7182) 32-16-81.

ТЖБ ХАБАРЛАЙДЫ

## МҰЗДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ




Көктем мезгілі басталысымен ауарайы жылып, өзен-көлдердегі мұздың беріктігі күрт төмендейді. Күндіз еріп, түнде қайта қатқан мұз сырт көзге қалың әрі қауіпсіз болып көрінгенімен, оның құрылымы әлсіреп, опырылып кету қаупі жоғары болады. Осы кезеңде мұз үстінде жүру, балық аулау немесе қысқы серуендер ерекше сақтықты талап етеді. Төтенше жағдайлардың алдын алу үшін қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау – әр азаматтың міндеті. Көктемде мұздың беріктігі қыс мезгілімен салыстырғанда бірнеше есе төмендейді. Әсіресе өзен ағысы бар жерлерде, көпір маңында, бұлақ көздерінде, қамыс өскен тұстарда және қара дақ байқалатын учаскелерде мұз өте жұқа болады. Мұндай жерлерге шығу өмірге қауіпті. Сондықтан белгіленбеген және тексерілмеген жерден мұзға шығуға қатаң тыйым салынады. Мұз үстіне шығуға мәжбүр болған жағдайда жалғыз бармау ұсынылады. Адамдар бір-бірінен кемінде 5 метр арақашықтық сақтауы қажет. Қолда ұзындығы 15-20 метр арқан, мұз шапқы немесе таяқ болғаны дұрыс. Рюкзак немесе сөмкені бір иыққа іліп жүру керек, бұл төтенше жағдайда жүктен тез арылуға мүмкіндік береді. Балаларды қараусыз мұз үстіне жіберуге болмайды.

Көктемде балық аулаушылар үшін де қауіп арта түседі. Бір жерде көп жиналу, лункаларды бір-біріне жақын бұрғылау мұздың әлсіреуіне әкеледі. Лункалар арасындағы арақашықтық кемінде 5-6 метр болуы тиіс. Күн күрт жылынған кезде немесе мұзда су пайда болса, мұзға шығудан бас тартқан жөн. Көктемде мұздың қалыңдығы жеткілікті көрінгенімен, оның беріктігі төмен болатынын естен шығармау керек. Егер мұз жарылып, адам суға түсіп кетсе, ең алдымен сабыр сақтау қажет. Қолды екі жаққа жайып, мұздың жиегіне тіреліп, денені жайлап мұз үстіне шығару керек. Аяқпен қатты соққыламай, еңбектеп қауіпсіз жерге жеткен жөн. Суға түскен адамды құтқару кезінде оған жақындап бармай, арқан, таяқ немесе ұзын зат лақтырып көмектескен дұрыс. Құтқарылған адамды дереу жылы жерге апарып, дымқыл киімін ауыстырып, медициналық көмек шақыру қажет. Төтенше жағдай орын алған жағдайда «112» бірыңғай қызмет нөміріне хабарласу керек. Құтқарушылар келгенше өз бетімен тәуекелге бармай, қауіпсіздікті бірінші орынға қойған жөн.

Көктемгі мұз – ең қауіпті кезеңдердің бірі. Қалың көрінген мұзға сеніп, қауіпке бас тікпеңіз. Қарапайым қауіпсіздік талаптарын сақтау – өз өміріңіз бен жақындарыңыздың амандығының кепілі.

**Н.Орынбасар,**
**Баянауыл ТЖБ инженері,**
**азаматтық қорғау лейтенанты**

Сөзіммен халқым амал қылсын десең, амал қыл өз сөзіммен әуел өзің!
Баянтау газеті

«Баянтау» газетінің редакциясы» ЖШС

Құрылтайшы:
Айдана Тұрғынбайқызы АЙТУҒАНОВА
8-702-179-10-87

Редакция автордың көзқарасы үшін жауап бермейді. Хаттар, қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарға тегіс жауап беруді және түгел жариялауды міндетіне алмайды. «Баянтауда» жарық көрген материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан фотосуреттер пайдаланылады. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

**Газет «Баянтау» газетінің редакциясында теріліп, беттеліп, «Баспа үйі» ЖШС баспаханасында басылады.**
**Баспа мекенжайы: Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй.**
**Газеттің сапасы мен уақытында шығуына баспахана жауап береді.**

**Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2006 жылы 18 мамырда тіркеліп, №7250-Г куәлігі берілген.**

**Газет аптасына 1 рет, бейсенбі күні шығады.**
**Таралымы: 1550 дана**
**Көлемі: 2 б.т.**

**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:**
Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Баянауыл ауылы,
Сәтбаев көшесі, 49-үй,
**Жұмыс тел.**: 9-28-37
**Эл. пошта**: redakciyabayantau@mail.ru
**Instagram**: @bayantau_gazeta
**Facebook**: Баянтау газеті

15 НАУРЫЗ МАРТА
РЕФЕРЕНДУМ
Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

БИЗНЕС

# ҚАРАЖАРЛЫҚ ЖАС КӘСІПКЕР

***Каражар негізгі мектебінің 8-сынып оқушысы Ерасыл Қанат – көптің бірі сияқты көрінетін қарапайым ауыл баласы. Алайда оның күнделікті тірлігі мен алға қойған мақсаты кез келген адамға ой салары анық.***



Сабақтан тыс уақытта компьютерлік ойын ойнап, физика мен шет тілдерін қызыға оқитын жасөспірімнің тағы бір қыры бар. Үйінде – ата-анасына көмекші, екі қарындасына қамқор аға. Ал кеш түсе келе ол шағын наубайхананың иесіне айналады.

Ерасылдың арманы – соңғы үлгідегі телефон сатып алу. Біреу үшін бұл жай ғана заманауи гаджет болуы мүмкін. Ал Ерасыл үшін – өз еңбегімен жететін мақсат. Ол ата-анасынан сұрап алуды емес, маңдай терімен табуды жөн көрген. Есептеп қойған: арманына жету үшін 17 мың тоқаш сату керек.

Қазірдің өзінде күніне 50-70 тоқаш пісіреді. Кейде жүзден асырады. Кешкі уақытта 5-7 үйге, кейде 10-нан астам отбасыға жеткізіп береді. Соңғы уақытта ауыл тұрғындарынан арнайы тапсырыстар қабылдай бастаған. Жас кәсіпкердің өнімдеріне сұраныс артып келеді.

Анасы Зура Сапаровна – орыс тілі пәнінің мұғалімі. Оның айтуынша, ұлының еңбекке ерте араласуы – отбасындағы тәрбиенің нәтижесі. «Ұқыптылық пен жауапкершілік – біздің үйдің басты қағидасы», – дейді ол. Өзі де бос уақытында тігін тігіп, балаларына еңбекқорлықтың үлгісін көрсетіп келеді.

Әкесі табиғатты суретке түсіруді ұнатады. Таудағы жануарлар мен ауыл көріністерін объективке сыйдырып жүрген жанның шығармашылыққа жақындығы баласының бойынан да байқалады. Ерасылдың мінезі бірде жуас, бірде тік болғанымен, жүрегі жұмсақ, алғыр әрі қайсар.

Қазіргі таңда ол тек телефон алу үшін емес, сапалы әрі өнімді пеш сатып алу үшін де қаражат жинап жүр. Бұл оның болашаққа байыппен қарайтынын аңғартады.

Ерасылдың оқиғасы – жай ғана тоқаш сату жайлы емес. Бұл – еңбекке адалдық, жауапкершілік пен табандылық туралы әңгіме. Қарапайым ауыл баласының талпынысы үлкен тәрбие мектебіне айналып отыр.

Бәлкім, ертең Ерасыл кәсібін кеңейтіп, үлкен наубайхананың иесіне айналар. Бірақ бүгінгі ең бастысы – оның арманына апарар жолды өз қолымен бастап кеткені.

**bilim_basqarmasy парақшасынан**

СПОРТ

# ТЕННИС ДОДАСЫ ӨТТІ

**Өткен аптада Шәкен Айманов атындағы мектеп-интернатында аудандық спорт және дене тәрбиесі бөлімінің және аудандық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен Тәуелсіздіктің 35 жылдығына орай ардагерлер арасында үстел теннисінен жарыс өтті. Жарысқа Майқайың кенті, Баянауыл, Құндыкөл, Ақсан, Бірлік, Торайғыр және Қаратомар ауылдарынан 20-дан аса ардагерлер қатысты.**



Ерлер арасында I орынды майқайыңдық Қ.Рахимжанов, II-III орындарды баянауылдық Т.Әбиев және Л.Файзулов иеленді. Әйелдер арасында I орынды майқайыңдық Қ.Татиева иеленсе, II орынды Құндыкөл ауылынан келген Л.Тукенова, ал III орынды майқайыңдық Б.Бисмилдинова иеленді.



Жарыс өте тартысты өтті. Құндыкөл, Ақсан, Бірлік, Қаратомар және Торайғыр ауылдарының ардагерлері жақсы дайындықпен келгендерін көрсетті. Өкінішке орай, Сәтбаев, Жұмат Шанин, Аймауытов, Ұзынбұлақ және Жаңажол ауылдарынан ардагерлер қатыса алмады.

**Қ.Сарбасов,
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы**



## Рамазан айы құтты болсын!

*Ассалаумағалейкум
мұсылман халқым.
Бүгінгі күні бармысыздар
қазақ салтым.
Ізгі амал, ниеттеріңіз
қабыл болып,
Құтты болсын келіп жеткен
Ораза айым.
Рамазан нұр төгілген
түндер айы,
Жүректерге шипа берген
күндер айы.
Сәждеде сыр ақтарған пенде
үшін,
Кешірімнің кең ашылған
гүлдер айы.
Бір Алланың берері көп,
демеуі бар,
Қасиетті айда арман-тілекті
сұрап қал.
Дүние де дөңгеленіп өтіп
жатыр.
Әр нәрсе де сәтіменен
орындалар.
Аллаға тәубе етпесең,
сілкіп-сілкіп алады.
Әр нәрсенің қайырын беріп,
ретін келтіріп қояды.
Сәресіне тұрған кездер
ғанибет қой,
Рамазан айы сенімімізді
нығайтады.
Таң атып, – күн батқанды
көрген де бақыт.
Ел аман, – жұртымыз тыныш,
жүрміз шалқып.
Бір Алланың құлы боп
жүргенім бар,
Осы уақытқа шүкіршілік
етейік біз де балқып.
Береке басшы болса,
ырыс кірер,
Тәубемен бақ табасың,
жер көгерер.
Адамзаттың бәріне сынақ
берген,
Әр нәрсенің қайырын
АЛЛА берер.
Рамазан айы ұлы қонақ,
ұлы қонақ.
Бұл айда жамандықтар кетеді
жырақ,
Біз бәріміз бір АЛЛАНЫҢ
уысындамыз,
Қасиетті айға жете берейік
жайма-шуақ.*

**Ізгі тілекпен: Айгүл Қабышева,
Майқайың кенті.**